

ДЛЯ ОБЕСПЕЧЕНИЯ ПЕРЕВОЗОК ЗЕРНОВЫХ ГРУЗОВ ҚТЖ ИМЕЕТ ДОСТАТОЧНОЕ КОЛИЧЕСТВО ПОДВИЖНОГО СОСТАВА. В ИНВЕНТАРНОМ ПАРКЕ ТОО «КТЖ – ГРУЗОВЫЕ ПЕРЕВОЗКИ» ЧИСЛИТСЯ СВЫШЕ 1,6 ТЫСЯЧИ ЛОКОМОТИВОВ. В 2024 ГОДУ ЗАПЛАНИРОВАНО ПРИОБРЕСТИ 185 ЕДИНИЦ ЛОКОМОТИВОВ, ИЗ НИХ УЖЕ ПОСТАВЛЕНА 119 ЕДИНИЦ. ДО 2029 ГОДА БУДЕТ ЗАКУПЛЕНО 374 СОВРЕМЕННЫХ ЛОКОМОТИВА. В РАМКАХ ПОДГОТОВКИ К ЗЕРНОВОЙ КАМПАНИИ КОСТАНАЙСКОЕ И АКМОЛИНСКОЕ ОТДЕЛЕНИЯ ГРУЗОВЫХ ПЕРЕВОЗОК, ЛИДИРУЮЩИЕ ПО ПЕРЕВОЗКЕ ЗЕРНА, ПОЛНОСТЬЮ ОБЕСПЕЧЕНЫ МАНЕВРОВЫМИ ЛОКОМОТИВАМИ.

Саламат АБЖАЛИЕВ,
заместитель генерального директора по маркетингу и планированию
ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки»



№76 (3006)
06/09/2024

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

РЕКОРДНОЕ ЧИСЛО ПОЕЗДОВ

Около трех тысяч рекордных поездов отправлено со станции Екибастуз-2.

Айлин БАУРЖАН,
Астана

За семь месяцев этого года со станции Екибастуз-2 отправлено 97 тяжеловесных поездов весом девять тысяч тонн. В 2023 году таких составов было 407. Основной груз – каменный уголь. Тяжеловесные поезда доставлялись до приграничной с Россией станции Пресногорьевская. Также со станции Екибастуз-2 были сформированы и отправлены свыше 2,6 тысячи длинносоставных поездов, в составе более 70 основных вагонов. В прошлом году отправлено более 2,9 тысячи длинносоставных поездов. Груз в таких поездах доставлялся до столицы. Рекордные поезда формируются для повышения пропускной и провозной способностей участков и эффективного использования

тягового подвижного состава и локомотивных бригад. В целом Павлодарское отделение является одним из важных участков на сети. Здесь отгружается 30% грузов от общего объема ҚТЖ. Это более 80 миллионов тонн в год. Так, за семь месяцев 2024 года Павлодарским отделением грузовых перевозок погружено свыше 44,5 миллиона тонн грузов, в том числе более 9,3 миллиона тонн в направлении стран СНГ, свыше 630 тысяч тонн – в КНР. В регионе ведут активную работу по перевозке угля, железной руды, глинозема ускоренными маршрутными поездами – целыми составами от одного отправителя к одному получателю. Такой подход сократил время в пути следования составов и обеспечил сохранность груза. Маршрутизацию внедряют



в перевозках нефтеналивных грузов с Павлодарского нефтехимического завода через столицу в восточное и южное направления. На особом контроле находится вопрос перевозки угля к отопительному сезону. Павлодарские железнодорож-

ники ежесуточно мониторят остатки твердого топлива на складах ТЭЦ, ГРЭС. Запасы угля на конец августа 2024 года значительно превышают установленные нормы и составляют свыше 1,6 миллиона тонн, что выше показателя аналогичного

периода прошлого года на 11%. Для населения Павлодарской и Акмолинской областей перевезено 12 тысяч тонн твердого топлива, что на 20% выше аналогичного периода прошлого года.

Фото
Александра ЖАБЧУКА

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ТАЛҚЫЛАНДЫ

ҚР Көлік министрі Марат Қарабаев Біріккен Ұлттар Ұйымының Азия және Тынық мұхиты үшін Экономикалық және әлеуметтік комиссияның (АТМЭ-ӘК) басшылығымен кездесу өткізді. Кездесу барысында Азия-Тынық мұхиты аймағы бойынша көлік және логистика саласындағы ынтымақтастық мәселелері талқыланды. Атап айтқанда, тараптар 20-дан астам ел, оның ішінде ҚХР, Үндістан, Иран, Оңтүстік Корея, Ресей Федерациясы, Түркия, Өзбекстан және т.б. қатысушылары болып табылатын Трансасиялық теміржолдар желісі бойынша Үкіметаралық келісімді ратификациялау мәселесін талқылады. Келісім халықаралық маңызы бар теміржол маршруттарын дамытуға және жолаушылар мен жүктерді халықаралық тасымалдау көлемін ұлғайтуға бағытталғаны атап өтілді. Сонымен қатар көлік министрлігінің басшысы мен БҰҰ Бас хатшысының орынбасары/АТМЭӘК Атқарушы хатшысы Армида Салсия Алишахбана көлік және логистика саласындағы ынтымақтастықты одан әрі нығайтуға келісті.

Ұлан ОРАЗ

НОВЫЕ ТАРИФЫ

В течение трех лет планируется поэтапное повышение регулируемых железнодорожных тарифов. В настоящее время 73% грузов перевозятся ниже себестоимости.

На заседании Правительства под председательством Премьер-министра Олжаса Бектенова были рассмотрены меры по реализации Послания Главы государства народу Казахстана «Справедливый Казахстан: закон и порядок, экономический рост, общественный оптимизм».

Олжас Бектенов, акцентировав внимание на вопросах транспортно-логистического сектора, подчеркнул, что поддержание и развитие транспортной инфраструктуры требуют привлечения больших инвестиций. Одна из мер – пересмотр тарифов на услуги АО «НК «Қазақстан темір жолы». В этой связи фонду «Самрук-Қазына» совместно с Министерством транспорта необходимо разработать новую тарифную политику на перевозку грузов железнодорожным транспортом.

Первый заместитель Премьер-министра Роман Скляр сообщил, что железнодорожные тарифы повышать будут поэтапно в течение трех лет.

– Продолжается совершенствование тарифной политики в сфере железнодорожных перевозок. Так, в течение трех лет будет поэтапно повышение регулируемых железнодорожных тарифов для доведения их уровня до рентабельности, – сказал вице-премьер.

Также он отметил, что планируется применить механизм ценовых пределов для сырьевого экспорта.

Руслан РАХМЕТОВ



Саят ҚҰСАИНОВ,
Шу станциясының бастығы:

5 қыркүйек – Қазақстан халқы тілдері күні

«ҰЛТ ҰСТАЗЫ» ТАҚЫРЫБЫНА АРНАЛДЫ

«ҚТЖ» ҰК» АҚ-да Мемлекеттік тілді дамыту іс-шараларын жүзеге асыру мақсатында алғаш рет қазақша сөйлесу клубы ашылды. Клубтың алғашқы отырысы 5 қыркүйек алаш ардақтысы Ахмет Байтұрсынұлының туған күніне орай «Ұлт ұстазы» тақырыбына арналды.

Сұлугүл БАКЕСОВА,
Астана

Алғашқы сөз кезегін алған «ҚТЖ» ҰК» АҚ мемлекеттік тілді дамыту секторының бастығы Ербол Токтағазы бұл клубтың мақсаты қазақ тілін дәріптеп, оның қолдану аясын кеңейту екенін атап өтті.

– Клуб отырысына ынта білдіруші кез келген жан қатыса алады. Қазақша үйренгісі, сөйлегісі келетіндерді, қазақ тілін біле тұрып, сөйлеуге қиналатын азаматтарды да шақырамыз. Бұл жерде олар тілдік ортада сөйлеу барысындағы кедергілерді жоюға, сөздік қорларын байытуға, дамытуға мүмкіндік ала алады. Мемлекеттік тілді дамыту бағытында алға қойған үлкен іс-шараларымыз бар. Соның бірі – жұма күні өтетін қазақша интеллектуалды ойын «Квиз». Сондай-ақ мемлекеттік тілді білуді насихаттаған байқаулар өтеді. Ал бүгінгі сөйлесу клубы



айдағы ізгі істердің бастауы деп білеміз, – деді ол. Бұдан кейін әңгіме ауаны қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымдарының негізін қалаушы, ақын, жазушы, аудармашы, публицист, қоғам қайраткері, ағартушы, этнограф, бір сөзбен айтқанда Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлына ойысып, ұлы тұлға жайлы бейнеролик көрсетілді. Клубты ұйымдастырушылар халқымыздың ірі тұлғалары туралы қосымша ақпаратты ғимаратымызда ілінген олардың

портреттерінен QR арқылы табуға болатынын жеткізді. Бұдан кейін ұлты үшін қызмет еткен ұлы тұлғаның «Маса» жинағының негізгі идеялық қазығы – жұртшылықты оқуға, өнер-білімге шақыру, еңбек етуге үндеу болғанын, қазіргі уақытта сауатты, ең бастысы елін, ана тілін сыйлайтын ұрпақ тәрбиелеу үшін не қажет деген сауалға қатысушылар үш топқа бөлініп, командалық ойталқы жасай отырып, жауаптарын қағаз бетіне түсірді.

Келесі кезекте қатысушылар ұялы телефондарындағы камерамен QR арқылы немесе «Kahoot.it» сайтына кіріп, Ұлт ұстазы жайлы сұрақтардан тұратын «Kahoot» ойынына қатысты. Сұрақтардың басым бөлігіне дұрыс жауап берген қатысушылар арасында үш жеңімпаз анықталды, олар: Ақмарал Рахманова, Гүлнар Беспаева, Мәдина Сағынаева сынды қызметкерлер. Жеңімпаздар мен клуб жұмысына белсенді қатысқан қонақтарға естелі сыйлықтар тарту етілді. Сондай-ақ клуб жұмысына риза болған ардагер теміржолшы Берік Айтбеков ақжарма тілегін білдірді. Жиын «KTZ Express» АҚ Салық және бухгалтерлік есеп департаментінің бас менеджері Гүлназ Рамазанованың А.Байтұрсынұлының досы Файзолла жазған сонғы хаты «Қаншенгел» өлеңімен қорытындыланды.

Суретті түсірген
Александр ЖАБЧУК

ЦИФРЫ ГОВОРЯТ:

ЗА 7 МЕСЯЦЕВ 2024 ГОДА ПО АБАЙСКОЙ ОБЛАСТИ ПОГРУЗКА СОСТАВИЛА СВЫШЕ

6,1 млн тонн.

В 2024 ГОДУ ТОО «КТЖ – ГРУЗОВЫЕ ПЕРЕВОЗКИ» ПЛАНИРУЕТ ПРИОБРЕСТИ

185

ЕДИНИЦ ЛОКОМОТИВОВ.

БОЛЕЕ

1 000 км

ПУТЕЙ ПОЯВИТСЯ В КАЗАХСТАНЕ В РЕЗУЛЬТАТЕ ЗАВЕРШЕНИЯ РЯДА КРУПНЫХ ИНФРАСТРУКТУРНЫХ ОБЪЕКТОВ АО «НК «КТЖ».

«Translogistica Kazakhstan-2024» көрмесі өтеді

Биыл да Астанада дәстүрлі халықаралық Көлік және логистика көрмесі өтеді. 9-11 қазан аралығында өтуі жоспарланған Translogistica Kazakhstan-2024 көрмесі – Орталық Азиядағы аса маңызды іс-шара. Оған 16 елден 200 аса компания қатысады деп күтілуде.

Ислам ТАЛҒАТ,
Астана

1996 жылдан бері тұрақты өтіп келе жатқан Translogistica Kazakhstan көрмесі көлік, логистика, машина жасау және аралас салаларда жұмыс істейтін мамандар үшін маңызды ақпараттық алаңға айналуда. Өйткені Translogistica Kazakhstan көрмесі мамандарға экспедиторлық компаниялармен және жеке жүк көлігі паркінін, контейнерлердің, вагондардың, теңіз және әуе кемелерінің, терминалдардың, қоймалардың және порт инфрақұрылымының иелерімен тікелей байланыс арқылы кез келген коммерциялық

жүктерді жеткізуді оңтайландыруға, сондай-ақ көлік-логистикалық тізбекті құру үшін сенімді серіктестер табуға және тиімді шарттармен ынтымақтастық туралы уағдаласуға мүмкіндік береді. Жыл сайын Translogistica Kazakhstan көліктік-экспедиторлық қызмет көрсетуден бастап жүктерді сақтауға және өңдеуге арналған бағдарламалық қамтамасыз ету мен жабдықтарға дейінгі салалық шешімдердің толық кешенін көрсетеді. Қазіргі уақытта «Translogistica Kazakhstan-2024» көрмесіне қатысатындарын әлемнің 16 елінен 200-ден астам компания растап отыр. Олар – Австрия, Әзірбай-

жан, Беларусь, Германия, Грузия, Қазақстан, Қытай, Литва, Латвия, БАӘ, Ресей, Түрікменстан, Түркия, Өзбекстан, Швейцария мен Инфрақұрылымын дамыту» тақырыбындағы конференцияға оператор компаниялардың отандық және шетелдік менеджерлері, теміржол қызметтері нарығындағы тасымалдаушылар, теміржол жолаушылар және жүк көлігін, локомотивтер мен құрамдас бөлшектерді өндірушілер қатысып, бағдарлама халықаралық ынтымақтастықты нығайтуға, отандық теміржол машина жасауды дамытуға, көлік логистикасындағы цифрлық технологиялар мен кадрларды даярлауға

дамытудың өзекті мәселелері бойынша конференциялар мен дөңгелек үстелдер өтеді. Мәселен, «Қазақстандағы теміржол көлігі мен инфрақұрылымын дамыту» тақырыбындағы конференцияға оператор компаниялардың отандық және шетелдік менеджерлері, теміржол қызметтері нарығындағы тасымалдаушылар, теміржол жолаушылар және жүк көлігін, локомотивтер мен құрамдас бөлшектерді өндірушілер қатысып, бағдарлама халықаралық ынтымақтастықты нығайтуға, отандық теміржол машина жасауды дамытуға, көлік логистикасындағы цифрлық технологиялар мен кадрларды даярлауға

бағытталды. Сондай-ақ көлік нысандары мен инфрақұрылымын салу және жаңғырту мәселелері талқыланды. Ал бірінші рет өткелі отырған «Көлік және логистикадағы IT шешімдері» конференциясы алаңында жүк тасымалдау саласын автоматтандыруға арналған отандық цифрлық платформалардың жаңа мүмкіндіктері, кедендік ресімдеудегі заманауи ақпараттық технологиялар талқыланды. Ірі әзірлеушілер логистика және көлік саласындағы цифрлық жүйелерді енгізу тәжірибесімен бөліседі. Көрмені Қазақстанның Ітеса және Atakent-Expo көрме компаниялары ұйымдастырып, іс-шараға Қазақстан Республикасының Көлік министрлігі, «Қазақстан Темір Жолы» ҰК» АҚ, «KAZLOGISTICS» Қазақстан көлікшілер одағы, Қазақстан тасымалдаушылары және вагондар (контейнерлер) операторларының қауымдастығы, Ұлттық Экспедиторлар Қауымдастығы ресми қолдау көрсетпек.

ЖОЛЫҢ БОЛСЫН, ЖОЛСЕРІК...



Тамыздың ортасына қарай Маңғыстаудан Қандыағашқа дейін №37 Маңғыстау-Семей жүйрік пойызының 7-ші вагонына отырдым.

Мүгедектігі бар адамдардың купесіне мінгенім сол, жолсерік жетіп келіп хал-жағдайымды сұрап, сөмкемді орналастыруға көмектесіп бәйек болды. Риза болып қалдым. Омырауына таққан бейджигінен оқыдым, аты-жөні Баевов Құралбек екен. Маңғыстаудан қозғалғаннан кейін пойызымыз жүйрік аттай жүйткіп ала жөнелді. Бір қызығы, көптен пойызға мінбегеннен бе, әлде мына пойыздың шойын жолы басқа ма деп ойладым. Өйткені тез жүрсе де пойыздың жүрісі жұмсақ, баяғыдай тықылдамайды.



Екінші жолсерік қыз келіп төсегімді бағып берді. Нұрғалиева Гүлнафис екен аты-жөні. Аққұманмен шәй әкеліп берді. Совет үкіметі кезіндегі пойызға мініп, вагонға орналасқаннан кейін проводниктер купеде неше адам болса сонша стақан шәйді екі белек шекермен қосып алдына әкеліп қоятыны есіме түсті. Ешкім вагонның ішінде пойыз теңселгенде теңселіп, коридорда сендей соғылысып жүрмейді. Жарықтық, ол кезде адамдардың бәрі қайырымды, бір-біріне көмектесіп бәйек болатын еді... Мына балалардың да қызметі жақсы екен, көптен бері мұндай жолсеріктерді кездестірмей едім деп ойладым.

Демалып, шөй ішіп, бір-бірімен танысып, әңгіме-дүкен құрған вагондағы жолаушылардың қай-қайсысы да құрақ ұшып қызмет көрсеткен жолсеріктерге риза болды. Кешке қай вагонның іші салқындап кетті, көптің ыңғайына қарай жолсерігіміз кондиционерді сөндіріп, арасында қосып, жолаушылардың бар жағдайын жасады. Вагонның іші, купе, дәретханасы тап-таза, майлық, сусабыны, қағазы бар, сондай жақсы көңіл күймен дйттеген жеріміз – Қандыағашқа келгенде «Әрдайым жолдарың болсын!» деп жолсеріктерге алғысымызды айта-айта қоштастық. **Мұқанбетулла КЕМЕР, ардагер-журналист, Қандыағаш**

СУЫҚ ҚАРУ ТӘРКІЛЕНДІ

Ардақ ЕРУБАЕВА, Ақтөбе



Ақтөбеде вокзал күзеті суық қару алып жүрген жасөспірімді анықтады. Вокзалдың тексеру қызметі 15 жастағы астаналық тұрғынның сөмкесінен «кастет» тауып, тәркіледі.


Орын алған оқиғаға байланысты аймақта рейд жұмыстары күшейтілді. Вокзал, станция аумағында үш күндік «Құқықтық тәртіп» жедел-профилактикалық іс-шарасы өтті. Қоғамдық тәртіпті сақтау, қылмыстардың алдын алу мақсатындағы іс-шара кезінде 84 адам әкімшілік жауапкершілікке тартылды.

«Ақтөбе теміржол вокзалында суық қару алып жүрген жасөспірімге қатысты қазіргі таңда ҚР ҚК-нің 287-бабының 1-бөлігі бойынша қылмыстық іс қозғалып, тергеу амалдары жүргізілуде», – деп хабарлады Ақтөбе станциясы ЖПБ баспасөз қызметі.

Сонымен қатар рейд аясында Ақтөбе вокзалында шетел азаматтарының құжаттарын тексеру жүріп жатыр. Қазақстан Республикасының Көші-қон заңнамаларын бұзғаны үшін 4 шетелдік азамат, Тәжікстан Республикасының 3 азаматы және Өзбекстан Республикасының 1 азаматы ҚР ӘҚБтК-нің 517-бабы бойынша әкімшілік жауапкершілікке тартылып, әкімшілік хаттама толтырылды.

Қазіргі таңда аталған әкімшілік іс Ақтөбе облысы әкімшілік құқықбұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотына жолданды.

КҮРДЕЛІ ЖӨНДЕУ МӘРЕСІНЕ ЖЕТТІ



Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ, Қызылорда

Күрделі жөндеуді жүргізген бас мердігер компания «Integra Construction KZ» серіктестігі «Батыс» дирекциясы екі дистанция телімдерінде жүз пайызға жаңартқан жол телімдерін қыркүйектің алғашқы он күнінде тапсыратын болады.

Олар наурыз айынан бастап Қызылорда жол дистанциясының Аққұм-Талап учаскесінде 4,84 км, Ақмая мен Екпінді бекеттерінің арасында 7,03 км, 20 бекет-Шиелі станциялары арасында 2,7 км жолды толықтай жаңартты. Ал мамыр айында Қараөзек-Қызылорда-Белкөл учаскесінде 9,36 км аумаққа күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді. Бұдан кейін Қазалы жол дистанциясының Қамыстыбас-Бекбауыл станциялары арасында 19,31 шақырым жол жаңа темірбетонды шпалдармен ұзындығы 1500 метрлік шойын рельстерге ауыстырылды.

– «Integra Construction KZ» ЖШС филиалы «Батыс» дирекциясының 2024 жылдың жоспары бойынша Қызылорда облысында 43,16 шақырым жолға күрделі жөндеу жұмыстары аяқталуға жақындады, бір апта көлемінде толығымен бітеді. Күрделі жөндеу кезінде



барлық жұмысты ұйымдастыру жауапкершілігі филиалдың жол машина станциясының директоры Әмірхан Жолдасбай мен прораб Берік Арықбайға жүктелді. Бұған дейін талай сынан сүрінбей өткен әріптестерім бұл жолы да сенімнен шығып, жеке құрамды орныммен жұмысқа жұмылдырып, күрделі жөндеуді дер кезінде сапалы аяқтап отыр. Күрделі жөндеу кезінде берілген толаскездер тиімді пайдаланылып, жұмысқа 45 жол жөндеуші мен 20 дана

қыршық тас таситын және рельс-шпалды решетканы таситын жылжымалы құрамдар, 5 бульдозер, 2 автогрейдер, 5 автокөлік бірліктері қатыстырылды. Рельстер төселгеннен кейін жаңа жолдарды технологиялық талап деңгейінде бабына келтіру үшін МПД, ПЛ, УК, ЭЛБ, ВПО секілді ауыр жол техникалары жұмысқа жегілген, – делі «Integra Construction KZ» басшысы Дәурен Сұлтамұратов. *Суретті түсірген автор*

ҚҰНЫН ЖОҒАЛТПАҒАН ҚҰРЫЛҒЫЛАР



Нұрлыбек ДОСЫБАЙ, Шымкент

Дистанцияға ат басын бұрған біз жөндеуден шыққан белгі беру құрылғыларын компьютерлік тексеруден өткізіп отырған аға электромеханик Гауһар Әлімованы жолықтырдық. Жөндеу технологиялық учаскесінің тәжірибелі маманы осы мекемеде жиырма жылдан бері еңбек етіп келеді. Гауһар Ерсенбайқызының жұмысы оңай емес, негізгі жұмысы жөндеу технологиялық учаскесінің жұмысын үйлестіру, жүргізу болып табылады. Атап айтқанда, СОБ құрылғыларына техникалық қызмет көрсету мен жөндеуден бөлек, ақаудың себебін талдау мен оларды жою және алдын алу тетіктерін ұйымдастыру. Техникалық құжаттамаларды реттеу мен материалдық-техникалық қажеттіліктермен қамтамасыз ету. Сондай-ақ жөндеуден өткен СОБ аспаптарын тиісті перерген мен станцияларға тасымалдауды, қозғалыс қауіпсіздігі мен еңбек қорғауды, өрт және экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге де осы лауазым иесі жауапты. Оған қоса ай сайынғы және жылдық жоспарды дайындап, аспаптарды кезек-кезеңмен бекітілген нұсқаулық бойынша ауыстырып отыруды қадағалау да аға электромеханиктің негізгі міндеттерінің бірі.

Бүгінгі таңда 300-ге жуық қызметкердің басын қосқан ШЧ-38 мекемесінің, соның ішінде дистанция жұмысының өзегі – жөндеу

технологиялық учаскесінің қызметкерлері цехта түрлі деңгейлі қызметтер көрсетеді. Мұнда жеткізілген құрылғыны ең алдымен реттеушілер бірінші кезеңдегі тексерістен өткізеді. Кем-кетігі жөнделген соң, үшінші кезеңде ғана компьютерлік тексерістен өткізу үшін аға электромеханиктердің қолына түседі. – Біз ең алдымен құрылғының қалыпты жағдайда жұмыс істеп тұрғанына көз жеткізуіміз керек. Содан соң плomba қойып, тиісті құжаттарын толтырып, негізгі қызмет көрсету учаскесіне жібереміз. Міне, механикалық жөндеуден кейінгі компьютерлік сараптама жасау дегеніміз осы, – дейді ол.



Қазіргі кезеңді ескі мен жаңаның түйіскен тұсы десе де болатындай. Себебі темір жолда заманауи технологиялық жетістіктер қолданысқа енумен қатар, пайдаланылып

жатқанына 30-40 жылдан асқан құрылғылар да жоқ емес. Алайда, осы құрылғылардың сыртқы қорабы мен функционалдық міндеті сол қалпы демесек, ішкі бөлшектері үнемі жаңартылып, уақыт талабына сай модернизациядан өтіп тұратын өте сапалы дүниелер. – Айталық, мен тексерістен өткізіп жатқан мына құрылғы – шойын жол жиегіндегі бағдаршамдардың қалыпты жұмыс істеуін қамтамасыз ететін реле. Осының ұсақ-түйек бөлшектерін ауыстыру арқылы бірнеше жылдан бері пайдаланылуда. Бұл сапалы құрылғы болғандықтан да оны қолданыстан шығарудың еш қажеттілігі жоқ, – дейді Гауһар Ерсенбайқызы.

Ал жөндеу технологиялық учаскесі деп аталатын бұл цехта компьютерлік сараптама қалай жасалады десек, ол да бір қызық дүние екен. Тексерілетін құрылғыны компьютердің шпальстеріне қалғандай соң, оның барлық параметрлік көрсеткіштері экранда көрініс береді. Яғни, мұнда монтаждық кестелер тексеріліп, диодтардың номиналдары техникалық картаға сәйкес немесе сәйкес еместігі анықталады. Экрандағы санды деректердің кейбірі талапқа сай болмай шықса, әлгі құрылғы қайта жөндеуге жіберіледі.

Осылайша, уақыт сынынан өткен құрылғылар бірнеше қайтара тексеру арқылы кем тұсы түзеліп, жарамдылық мерзімі ұзарып, өміршең құрылғыларға айналады. *Суретті түсірген автор*

ВАГОН ОПЕРАТОРЫНА ЖҮКТЕЛЕР ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖОҒАРЫ

Күндіз-түні тоқтаусыз ағылып жататын жүк және жолаушы пойыздарының дйттеген жерге қауіп-қатерсіз жетуі үшін қаншама теміржолшы тынымсыз еңбек ететінін былайғы жұрт біле бермейді. Машинистен бастап, жолшылар, жолсеріктер, байланыс-белгі берушілер, вагон қараушылар, т.б. тұтас бір тізбекті құрайтын теміржолшылар қатарында вагон операторлары да бар.

Ардақ ҮСЕЙІНОВА, Жамбыл

Сағат 9.00-де ВЧД-27 Жамбыл вагон пайдалану депосының Тараз қаласындағы вагондарға техникалық қызмет көрсету пунктіне келгенде тәуліктік ауысымнан шыққан вагон операторлары әріптестеріне есеп беріп, жұмыстарын өткізіп жатты. Ал тіркелген ақпараттарды қабылдап алғандар бірден іске кірісіп кетті. Вагон операторларының есебінше, түнгі ауысымда облыс аумағының ер станциясындағы КТСМ-02 кешені түрлі бағыттағы пойыздардың вагондарынан бірнеше ақау анықтап, «белгі» беріпті. Мамандар

тіркелген «қызыл» және «сары» түсті дабыл белгілеріне қарай, пойыз диспетчеріне, машинистке, вагон қараушыларға хабарлаған. Әрі қарай белгіленген нұсқаулықтар бойынша вагондар тексеріліп, техникалық қызмет көрсетілген. Түн әдеттегідей қарбаласқа толы болғанымен, вагонды пойыздан ағыту жағдайы тіркелмеген.

– Вагон операторлары пойыздың техникалық жағдайын бақылайтын КТСМ кешенінен ақпараттық жүйеге келіп түскен дабыл белгілеріне қарай ақпаратты саралап, дер кезінде хабарлап отырады. Олар пойыздар қозғалысының қауіпсіздігіне тікелей жауапты. Сондықтан автоматты



жүйе арқылы тіркелген әрбір дабыл белгісін қалт жіберуге болмайды. Бір сөзбен айтқанда, операторларды «көрініптейін» майданның жауынгерлері деп атайды. Мысалы, сағат 20.45-те Ақыртөбе станциясында так санды жолдағы пойызда «қызыл» түсті сигнал тіркелген. Вагон операторы локомотивтер және вагондар санын анықтап, қай вагонда ақау барын белгілеп, хабарлаған. Дер кезінде техникалық қызмет көрсетілген соң пойыз қайта жолға шықты, – дейді Жамбыл вагон пайдалану депосының аға нұсқаушысы Ербол Манапов.

Тараз қаласындағы вагондарға техникалық қызмет көрсету пунктінде 14 оператор еңбек етеді. Әр ауысымда 4 оператор жұмысқа түседі. Бүгінгі ауысымнан шыққан 31 жылдық тәжірибесі бар Светлана Крөйнман аға нұсқаушыға пойыздардың қозғалысы бойынша кезекті ақпарат беріп, жағдайды баяндап жатты.

Жалпы депо аумағындағы пункттерде ауысыммен барлығы 34 оператор КТСМ кешенінен түскен ақпаратты саралап отырады екен. Пайдалану депосының вагондарға техникалық қызмет көрсету пункттері 3 облыспен шектесетін аумақта пойыздар қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. Шығысында – Алматы, солтүстігінде – Қарағанды

облысының Ақадыр станциясына, оңтүстігінде – Түркістан өңірінің Арыс станциясына дейінгі аралықты бақылау жүргізеді.

Осы үш облыспен шектесетін аумақта 36 КТСМ – 02 кешені орнатылған. Мамандардың айтуынша, автоматты жүйеде пойыздардың техникалық жағдайына диагностика жасайтын құрылғы әрбір 25-35 шақырымда болуы керек екен. Кейбір станциялар арасында мұндай қашықтықтар сақталмаған.

Әйтсе де, теміржолшылар арасында «өлі аумақ» аталып кеткен аймақтарды кезек-кезеңімен кешенді жүйемен қамтамасыз етілуде.

– Біздің операторлар КТСМ кешенінің көмегімен көптеген вагон ақауларын анықтап, қауіп-қатердің алдын алуда. Мәліметке сүйенсек, 7 айда Жамбыл вагон пайдалану депосының вагондарға техникалық қызмет көрсету пункттерінде автоматты жүйе 379 368 пойыз бойынша ақау анықтаған. Дабыл белгілеріне қарай 153 пойыз тоқтатылған. Оның ішінде букс торабы қызуымен 137 вагонға техникалық қызмет көрсетілген. 104-і жолдан ағытылып, ағымдағы жөндеу пункттеріне жіберіліпті. Жалпы есепті кезеңде түрлі ақаумен 2017 вагон ағытылған, – деп

ақпар берді аға нұсқаушы.

Ербол Манапов операторлар тек пойыздардың техникалық жай-күйін ғана емес, автоматты кешеннің жағдайын да бақылап отыратынын айтады. «Егер аппарат дұрыс жұмыс істемей тұрса, дереу белгі беру және байланыс дистанцияларына хабар беріп, аппаратты тексеріп, оны ретке келтіруін сұрайды. Ал жолдан ағытылып алынған вагондар тіркеуге алынып, жөндеуге жіберіледі, – дейді.

Жөндеуге жіберілген вагондар бойынша ақпаратты саралаумен вагон паркінің операторлары айналысады. «Вагон паркі операторларының міндеті бөлек. Біз ағытылып алынған вагондардың есебін жүргіземіз. Айталық, вагон иелеріне вагонның жөндеуге қашан қойылғанын, қашан жолға шығатынын анықтап, ақпар беріп отырамыз. Ал меншік иелері неғұрлым вагондардың ертерек жөндеуден өтіп, қайта жолға шығатынын мүдделі болатыны белгілі. Сондай сәтте оператор базадағы ақпаратты саралап, керек мәліметті беру арқылы қос тараптың үйлесімді жұмысын қамтамасыз етеміз», – дейді вагон паркінің бүгінгі операторының бірі Гүлсара Жүнісханқызы. *Суретті түсірген автор*

РЕЗУЛЬТАТИВНАЯ КОМАНДА



Елена КОЛДАСБАЕВА,
Алматы

В состав специализированного мостоотряда присоединились цеха ИССО из 17 дистанций пути для текущего ремонта и обслуживания 4 180 сооружений Семейского, Алматинского, Жамбылского и Шымкентского отделений магистральной сети. На сегодняшний день численность персонала составляет 464 человека. Специалисты отряда обладают высоким уровнем профессионализма и большим опытом в выполнении сложных инженерных задач. Об успешности предприятия говорит и тот факт, что из 86 объектов по плану в текущем году на 51 объекте завершены работы, кроме того, вне плана сдано 20 объектов.

К слову, работники мостоотряда работают в разных точках страны и за 13 лет своего существования не допустили ни одного травматического случая, это говорит о хорошей организации охраны труда и технике безопасности. Только с момента открытия филиала было отремонтировано 1 381 сооружение (мосты – 474 единицы, 629 труб, прочие – 278 единиц). В том числе произведены работы по антикоррозийной защите 224 металлических мостов. За это время промышленному альпинизму обучен 81 человек.

На сегодняшний день ведутся работы по окраске металлического моста на перегоне

Тургусун – Алтай Кумыстауской дистанции пути. Задействованы винтовые компрессоры, пескоструйные и окрасочные аппараты, КамАЗ и самосвал. Специалисты мостоотряда с января по март принимали непосредственное участие по снегоборьбе на перегонах Костанайского отделения магистральной сети, в зимний период в Алматинской и Жамбылской областях строили скотоизгородь. Работали в Шымкентской дистанции пути по смене 2 333 шпал. Участвовали в восстановлении последствий размыва земляного полотна на участке Кандыагаш – Актобе, а также в ремонте пешеходного моста на станции Толькубас, отсыпке земляного полотна в Алтынколе. На станции Биже приняли участие в выгрузке щебня для капитального и усиленного ремонта пути. Несколько лет подряд специалисты мостоотряда работают на мосту реки Хоргос, где идет очистка русла и гасителя воды. Красноречив и тот факт, что огромная работа была проведена на станции Берлик, где демонтировали шесть путей, шесть железобетонных мостов. Также работники предприятия занимались покраской мостов на станциях Жамбыл и Аягоз.

– Мы стремимся к стандартам качества в каждом аспекте своей деятельности, начиная от выбора материалов и заканчивая контролем на всех этапах производства, – подчеркивает директор предприятия Канат Карбозов.



Тому в немалой мере способствует не только профессионализм коллектива, но и мощная, современная материально-техническая база предприятия. В наличие 28 единиц автотракторной техники, 29 единиц малой механизации, имеются вагоны для проживания, а также грузовые вагоны для перевозки техники, инвентаря и инструментов.

